



№ 28 (1497)  
17 қыркүйек  
2013 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

**В КазНУ презентовали книгу «Михаил Есенәлиев» - очередной выпуск университетской серии «Өнегелі өмір» посвящен 85-летию видного государственного и общественного деятеля РК. Первые экземпляры издания были вручены супруге дипломата Майе Исиналиевой и Главе МИД РК Ерлану Идрисову на научно-практической конференции.**

## ЯРКАЯ ЖИЗНЬ ДИПЛОМАТА

В книгу вошли биографические данные, публикации, фотографии разных лет М.Исиналиева, а также отзывы его соратников, друзей и учеников. Она рассчитана как для широкого читателя, так и для работников научно-образовательной сферы и студентов.

Михаил Исиналиев - казахстанский государственный и партийный деятель, дипломат, Министр иностранных дел Казахской ССР (1981-1989 г.г.), публицист. В разные годы занимал такие должности, как секретарь ЦК ЛКСМ Казахстана (1960-61), второй секретарь Алма-Атинского горкома Компартии Казахстана (1964-69), заведующий отделом культуры ЦК Компартии Казахстана (1969-81), Посол по особым поручениям МИД РК (1992-99).

М.Исиналиев является автором книг «За сильных духом», «Небоскрёб на Ист Ривер», «Размышления вслух», «Штрихи к портретам», «Записки дипломата», «На грани эпох», а также многих статей в периодической печати.

Вспоминая дипломата, в своем приветственном слове Министр иностранных дел РК Е.Идрисов подчеркнул, что: «Михаил Иванович внес большой вклад в организацию и укрепление внешнеполитического ведомства РК, привлечение и подготовку профессиональных кадров дипломатической службы. А в период своей работы в КазНУ он производил на студентов неизгладимое впечатление как блестящий оратор, свободно владеющий казахским и русским языками, интеллектуал,



человек широкой эрудиции и знаний».

«Михаил Иванович относится к числу знаковых фигур в истории Казахстана. Интеллигент и личность с большой буквы. Образец служения Отечеству и своему народу. Мы гордимся тем, что он плодотворно работал в нашем университете. Весьма символично, что конференция, посвященная юбилею этого выдающегося деятеля, проводится в стенах КазНУ», - отметил ректор университета академик Галым Мутанов, представляя книгу.

В работе конференции приняли участие заместитель председателя Совета Министров КазССР Ш.Жанибеков, председатель Совета ветеранов г. Алматы Е.Шайхутдинов, профессор Дипломатической академии Т.Сулейменов, дипломат С.Курмангужин, генеральный

секретарь ЕврАзЭС Т.Мансуров, ветераны МИД РК, деятели культуры и науки, сослуживцы, друзья, земляки, родственники М.Исиналиева, которые поделились о нем своими теплыми воспоминаниями и выразили слова благодарности организаторам мероприятия.

Издание книг университетской серии «Өнегелі өмір» о жизни и деятельности выдающихся личностей Казахстана было инициировано ректором КазНУ Г.Мутановым. Предыдущие выпуски были посвящены О.Джолдасбекову, М.Барманкулову, О.Сулейменову, К.Бекхожину, Т.Амандосову и многим другим известным ученым.

Акмарал КУАНЫШЕВА

## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ӘЛЕМДІК ТОП-300 ҮЗДІК ЖОО ҚАТАРЫНДА!

Еліміздің белді университеті әлемдік рейтингіде қарқынды түрде алға ілгерілеуде. ҚазҰУ соңғы үш жылда 350 бағытқа жоғарылады. Университет ұжымының биік әлеуеті, бәсекеге қабілеттілігі, білімі мен білігі, жарасқан мәдениеті осындай маңызды жетістікке жетелеп отыр. Осы тұста әрбір оқытушының, студенттер мен магистрант, докторанттардың еңбегі мен үлесін ерекше атауға тиіспіз. Сондай-ақ нәтижеге негізделген басқару, кешенді құрылымдық модернизация, факультеттерді кластерлік бағытта дамыту, кафедраларды ірілендіру, жүйелік басқаруды енгізу жұмыстары сәттілікке жол ашты.



Халықаралық жетекші сарапшылардың пікірінше, ҚазҰУ қызметтің барлық бағыты бойынша сапалы көрсеткіштерді мейлінше арттырып отыр. Университет толығымен халықаралық стандарттарға жауап беретін

**Дамыған жоғары оқу орындарының сапалы көрсеткіштерін бағалаумен танылған QS (Ұлыбритания) рейтингтік агенттігі зерттеуінің қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемнің 800 үздік университеті арасында 299-орынды бағындырды. Қазақстандық жетекші университет алғаш рет әлемдік топ-300 үздік ЖОО қатарына енді. Айта кетерлігі, топ-300 үздік ЖОО қатарына ТМД елдерінен 3 жоғары оқу орны ғана енген. Олар – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Ломоносов атындағы ММУ мен Санкт-Петербург университеті.**

білім бағдарламасына көшкен. Білім ордасының ғалымдары белсенді түрде ғылыми зерттеулер жүргізеді. Университет қабырғасында халықаралық деңгейдегі инновациялық жобалар жүзеге асырылып, жаңа технологиялар жасалуда.

Жоғары импакт-фактор журналдарда ҚазҰУ ғалымдарының жарияланымдары жыл сайын артып келеді. Университет халықаралық әріптестікті кеңейту саласында, академиялық ұтқырлықты арттыруда,

әлеуметтік серіктестікті дамытуда көш ілгері келеді. Университет жұмыс берушілер арасында кең танымалдылыққа ие. QS агенттігінің рейтингін жүргізу барысында ҚазҰУ-дың академиялық ортадағы беделі жоғары бағаланған.

Мемлекет басшысының – әлемнің үздік топ-ЖОО рейтингісіне ену тапсырмасын тыңғылықты орындап отырған ҚазҰУ ұжымы білімге негізделген экономиканың белсенді субъектісіне айналмақ.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

<p><b>БҮГІНГІ САНДА:</b></p> <p><b>ҚАЗҰУ БЕЛСЕНДІЛЕРІ ВЕЛОШЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ</b></p> <p><b>2-бет</b></p> 	<p><b>БҮГІНГІ САНДА:</b></p> <p><b>ІЗГІЛІКТІ ҚОҒАМ БОЛМЫСЫ</b></p> <p><b>6-бет</b></p> 	<p><b>БҮГІНГІ САНДА:</b></p> <p><b>ҚАЗҰУ ҰСЫНҒАН ЖЕҢІЛДІКТЕР</b></p> <p><b>8-бет</b></p> 
--	---	--

РЕКТОРАТ

*Кешегі ректорат мәжілісінде университет ұжымы жаңа жетістігін атап өтті. Әлемдік білім беру кеңістігіндегі ҚазҰУ ұстанымы нығая түсті. ҚазҰУ-дың әлемдік танымалдылығы артты. Бұлай айтуымызға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлемдік 300-топ үздік ЖОО қатарына енуі негіз. Ректор Ғалым Мұтанұлы үлкен жетістікпен құттықтай келе: «Бұл – барша ұжымның жүйелі еңбегінің жемісі, ҚазҰУ үшін зор табыс. Алайда биіктеген сайын талап пен бәсеке күшейе түсетінін ұмытпауымыз керек. Ел игілігі үшін аянбай еңбек етсек, алынбайтын қамал жоқ», – деп түйіндеді. Сонымен қатар университет басшысы әлемдік аренада бәсекеге қабілеттілікті арттыра түсудің жолдарын талқылауды ұсынды.*

Мәжілісте ЖОО әлемдік рейтингілерінің QS агенттігі (Ұлыбритания) нұсқасы бойынша қорытындыларын бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы саралады. «QS әлемдік университеттер рейтингінде ҚазҰУ 2010 жылы 600-орынды иеленсе, енді 299-орынға суырылып шықты», – деді ол. Бұл рейтингте академиялық ықпалдық бағытының үлесі зор.

Әлемдік тәжірибеде аса маңызды бұл көрсеткіштің рейтингтегі үлес салмағы 40 пайыз болса, жұмыс берушілердің бағасы – 10, ОПК мен студенттер арасалмағы – 20, жарияланым, сілтеме жасау және өзіне-өзі сілтеме жасау көлемі – 20, шетелдік студенттер – 5, шетелдік оқытушылар – 5 пайызға ие. Бірінші проректор аталмыш бағыттар бойынша университеттік және әлемдік тәжірибеден алынған

## ҚазҰУ тағы да ОЗЫҚ ШЫҚТЫ

мысалдарды алға тарта отырып, нәтижелерді жақсартудың тиімді жолдарын нұсқады. Ол шетелдік әріптестермен қарым-қатынасты дамытудың артықшылықтарын баса айтты.

Бүгінде әлемдік Scopus базасына қазақстандық 3 журнал енген. Оның біріншісі – белгілі ғалым З. Мансұров журналы болса, 2-еуі – ҚазҰУ журналы. Бұл оқу орны ұстаздарының білімі мен білігінен хабар береді. Жиында аталмыш журналдарды дамыту жолдары да басты назарға

алынды.

Өз пікірін ортаға салған биология және биотехнология факультетінің деканы, профессор Тамара Минажқызы ұжымның үлкен еңбегін, оның ішінде әрбір оқытушының өзіндік ролін ерекше айтты. Сондай-ақ ол болашақта мәдениеті мен білігі асқан ұжымның тағы да тың серпілістерге қол жеткізеріне сенім білдірді. Барша ұжым қолдай қол соқты.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

## Лидерская лекция

*11 сентября в КазНУ успешно прошла Открытая лекция Шаяхметовой Умит Болатхановны. Слушателями стали студенты практически всех факультетов, но особенно отличились активным участием студенты 4 курсов механико-математического факультета, физико-технического и Высшей школы экономики и бизнеса. Лектор продемонстрировала красочные слайды о флагмане финансовой системы нашей страны, о пройденных Народным банком через переходной период развития банковской отрасли с первых дней независимости нашего государства. Доброе имя Народного Банка сегодня широко известно и за пределами нашей страны: В Китае, России, Великобритании, Грузии и Кыргызстане.*

Председатель правления Халык Банк Умит Шаяхметова детально рассказала об основных направлениях спонсорской и благотворительной деятельности: о проектах шефства над детскими учреждениями, обеспечивающими содержание, уход и воспитание детей, оставшихся

без попечения родителей, о проектах, направленных на оказание помощи детям с ограниченными возможностями, о проекте «Народные студенты», по поддержке экологии, поддержке проектов фонда «Аяла», о проектах, направленных на поддержку молодых талантов и

творческих инициатив подрастающего поколения. Студенты третьих и четвертых курсов задавали вопросы о прохождении производственных практик в дочерних организациях финансовой группы Народного Банка Казахстана – HALYK GROUP, об увеличении акционерной стоимости,

о росте объемов кредитования клиентов, о повышении качества активов, о развитии новых продуктов. Умит Болатхановны с удовольствием отвечала на все вопросы слушателей и особенно отметила те вопросы, связанные с расширением каналов продаж, дивидендной политикой, с расширением спектра услуг, с наращиванием объемов продаж и доходов, генерируемых как в сегменте корпоративных клиентов, так и в сегменте малых и средних предприятий. Так как лекция лидерская и открытая, были заданы вопросы о личных качествах и о студенческой жизни.

Лариса КАРИПБАЕВА,  
заведующая Открытой  
кафедры университета

## ҚАЗҰУ БЕЛСЕНДІЛЕРІ ВЕЛОШЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ

*Алматыда қыркүйек айының үшінші жексенбісі “Қала күні” болып белгіленген. Ару қаланың төл мерекесін халық та жыл сайын көтеріңкі көңіл күймен атап өтеді. Мерекелік шара бұл жолы да өзіндік ерекшелігімен өткені рас. Соның бірі қала күніне арнайы ұйымдастырылған велошеру еді. Бұл шараға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғ. Мұтанов бастаған ұстаздар, оқытушылар және студенттер қатысып, бас-аяғы 50-ге жуық қазулық жарыс толқынына қосылды.*



Велошеру әл-Фараби даңғылы мен Тәттімбет көшелерінің қиылысынан бастап, әл-Фараби даңғылы бойымен Науаи, Мұстафин көшелеріне дейін жалғасты. Ал, Тұңғыш Президент саябағы велошерудің негізгі мәресі болатын. Шеруге қатысушы қала тұрғындары, студенттер өздерінің белсенділіктерін көрсетті.

Мәреге алғашқылардың бірі болып әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы жетті. Бұл шарада Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов алғы сөз сөйледі.

Мерекелік шеруге белгілі велошабандоз, әлем чемпионы Марат Сатыбалдиев, стэнд атудан Азия чемпионатының күміс жүлдегері

Жания Айдарханова және әйелдер спорт клубының өкілдері, т.б. қатысты.

Шеруде «Ең белсенді досымыз», «Ең жас шабандозшы», «Ең үздік отбасы», «Ең көп ұжым», «Ең керемет шабандозшы», «Ең керемет велосипед иесі» сынды номинациялармен шеруде көзге

түскен белсенді топтар түрлі сый-сыяпаттармен марапатталды.

Әсіресе, қала әкімі үлкен ризашылықпен велошеруге қатысқан қазулықтарды «Ең үздік ұжым» номинациясымен марапаттады. Бұл жарысқа қатысқан біз сияқты ҚазҰУ студенттерінің жүрегінде ерекше әсер қалдырды. Ал, осындай шараға ҚазҰУ-дың ең белсенді студенттерін арнайы қатысуға шақырған ректор Ғ. Мұтановқа алғыс білдіреміз.

Алматы қаласы экономикалық жағынан дамуымен бірге, ол бұқаралық спортты қолдайтын салауатты қала болмақ. Соның жарқын көрінісі ретінде осы велошеруді айтуымызға болады. Туған күніңмен, менің әсем Алматым!

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,  
журналистика факультетінің  
3 курс студенті

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР Сыртқы істер министрі Е. Ыдырысовтың қатысуымен М.И. Есенөлиевтің 85 жылдығына орай конференция және кітап тұсаукесері өтті**

## «МЕДИАЦИЯ»

Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаев 2009 жылы 19 қарашада соттардың V съезінде: «Сот тәртібімен қаралатын даулардың санын қысқартудың, оларды шешудің альтернативті әдістерін, сондай-ақ бітімгершілік процедуралары мен медиацияны енгізудің маңызы зор. Бұл сот төрелігіне қалпына келтіру сипатын берер еді» деп атап өткен болатын.

Осыған байланысты, азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы Алматы қаласы Бостандық ауданының прокуратурасымен бірлесе отырып, 11 қыркүйекте заң факультетінде «Тараптардың бітімге келуі» тұжырымдамасының жобасын түсіндіруге арналған кездесу дәрісі ұйымдастырылды.



«Тараптардың бітімге келуі» атты кездесуде Алматы қаласы Бостандық ауданының прокуратурасының азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот төрелігі және атқарушылық өндірістің заңдылығын қадағалау жөніндегі бөлімнің басшысы А.Б. Айтжанов, Бостандық ауданы прокурорының көмекшілері З.Б. Ельчибаев және Ю.В. Бакулин дәріс оқыды.

Дәріс барысында Қазақстанда жыл сайын 300 мыңға жуық даудың қаралатындығы және оларға миллионнан астам адамның тартылатындығы туралы статистикалық мәліметтер келтіріліп, атаулы істердің саны арта түсетіндігі және соңғы бес жыл ішінде 30 пайызға артқандығы айтылды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының мәліметтері бойынша әрбір төрешіге 57, ал Алматы мен Астана қалаларында айына 150 істен тиеді. Прокурорлардың қатысуымен қаралатын істердің саны да арта түсуде. Прокурордың бір ғана көмекшісі күніне 3-4 төреші қарайтын істерге қатысады.

Шын мәнінде оның іс материалдарын игеруге, мәселенің мәнін ұғынуға және тіпті сот талқысына қатысуына мүмкіндігі

болмайды. Бұл сот процестерінің тоқтап қалуына әкеледі. Соттар мен прокурорлардың жүктемесінің молдығы сот төрелігін іске асырудың және қадағалау міндеттерін іске асырудың сапасына кері әсерін тигізеді. Бұл сот жүйесіне және прокуратура органдарына қатысты негізсіз айыптау мен шағымдар санын арттыра түседі.

Атаулы мәселені шешу жолдарының бірі Медиацияны қолдану арқылы бітімгершілік процедурасының мүмкіндігін қолдану болып табылады. Осылайша, 2012 жылы медиацияны қолдану нәтижесінде 150 азаматтық істер тоқтатылған болатын. Сондай ақ 2012 жылы соттармен бекітілген он мыңға жуық бейбіт келісім медиация пәні болуы мүмкін еді.

Тұтастай алғанда, дәріс студенттер тарапынан қызығушылық тудырып, прокуратура қызметкерлері мазмұнды жауап берген бірқатар қызықты сұрақтар қойылды.

*азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы*

## ОҚУ ЖЫЛЫ ТЕХНОПАРКІМЕН БІРГЕ

Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми-технологиялық паркінде «Start-up компанияларды құру» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Қазіргі таңда ел экономикасын дамыту мақсатында инновациялық жобаларды енгізу заман талабы болып табылады. Инновациялық кәсіпкерліктің басты мақсаты – жаңа дәуірдің ғылымға негізделген, бәсекеге қабілетті өнімін сериялық өндіру және әлемдік стандарттар деңгейіндегі жоғары сұранысты жылдам реттейтін кәсіпорындарды дамыту. Экономиканың негізгі құраушысы – бизнесті дамыту үшін жас ғалымдар мен студенттердің идеяларын жетілдіру және жүзеге асыру қажет. Осы және өзге де тақырыптар қозғалған шарада Start-up компанияларды құру мәселелері сөз болды. Кездесу барысында Ғылыми-технологиялық парк ПОҚ студенттер қарым-қатынасын жақсарту мақсатымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың барлық факультеттеріне ашық есік күндерін өткізу жоспарланды. Сонымен қатар ғылыми-технологиялық паркінің инновациялық кәсіпорынды құру кезеңдері кеңінен талқыланды. Инновациялық кәсіпорынды құру кезеңдері студенттер мен жас ғалымдардың өз бизнес-идеяларын ойлап тауып, оны жүзеге асыруға дейінгі аралықты қамтиды. Атап өтсек, жобаны іштей және сырттай талдау; ғылыми-техникалық кеңестің құптамасы; келісімге отыру; жобаға қолдау көрсету; бухгалтерлік ілеспе; бизнес-жоспарды әзірлеу, салықтық есеп беру, есептік шотты ашу және жүргізу; заңдық ілеспе; менеджерлік ілеспе; маркетингтік зерттеулер, инвесторларды іздестіру;

инфрақұрылыммен қамтамасыз ету; экспертизаның шешімі бойынша кәсіпорынды қаржыландыру; өндіріске шығару. Бұл кезеңдерді талдай келе ғылыми-технологиялық парк жұмысының тиімділігін бағалауға болады.

Еліміздегі қолға алынып отырған инновациялық жобалардың кейбіреулері дұрыс жүргізілмегендіктен, кемшіліктер орын алуда. Ал ғылыми-технологиялық парк ұсынып отырған инновациялық кәсіпорынды құру кезеңдері бойынша тек жүйелі сараптау ғана емес, сондай-ақ жобалардың толықтай жүзеге асырылуына мүмкіндік бар. Сонымен қатар ғылыми-технологиялық парк құрылған бизнес-инкубаторларға бизнесті дамыту үшін қаржылай және техникалық жәрдем іздеуге көмек көрсетеді.

Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу мақсатындағы Қазақстан экономикасын дамытуға септігін тигізетін тиімді инновациялық жобаларды табуға және жүзеге асыруға ғылыми-технологиялық парк өз үлесін қосатынына сеніммен қарауға болады.

Ғылыми-технологиялық парк республика мен аумақтың экономика секторы арасында тиімді байланысты қамтамасыз ете отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске жеткізуге мүмкіндік береді, индустриалды-инновациялық дамуды жүзеге асыруға белсенді қатысады.

Сайран БАЯНДИНОВА

## ВО БЛАГО УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

В г. Астана состоялось знаменательное событие – форум по случаю инаугурации Международного десятилетия сближения культур (МДСК) на 2013-2022 г.г., провозглашенного Генеральной Ассамблеей ООН по инициативе Республики Казахстан.

Совместно с ЮНЕСКО Казахстан собрал под сводами Дворца Независимости более 400 представителей международных политических, академических и деловых кругов, гражданского общества и молодежных организаций из 30 стран мира.

В составе делегации казахстанского отделения Международного комитета музеев (ИКОМ Казахстана), членом которого недавно стал музей КазНУ им. аль-Фараби, мне посчастливилось стать участником этого мероприятия.

Участников форума приветствовали Председатель Национальной комиссии РК по делам ЮНЕСКО и ИСЕСКО, аким г. Астана И.Тасмагамбетов, министр иностранных дел РК Е.Идрисов, Генеральный директор ЮНЕСКО И.Бокова, представитель Альянса цивилизаций ООН Н. аль-Нассер. Они со всей ответственностью заявили, что сближение и диалог культур являются основным инструментом современного миростроительства, а опыт

Казахстана в области межнационального согласия следует рассматривать в качестве позитивного примера для других стран мира.

Яркими, оптимистичными и многоплановыми были выступления почетных гостей форума – докладчика ООН по праву на образование К. Сингха, генерального секретаря Академии латинской культуры К. Мендеса, директора по внешним связям и сотрудничеству ИСЕСКО А. Ульд Баха, лауреата Нобелевской премии по литературе 1986 года, нигерийского писателя В. Шойинки, а также первых руководителей казахстанских министерств и представителей международных организаций в нашей стране. Они касались вопросов поощрения и укрепления межкультурного диалога и взаимопонимания на международном, региональном и национальном уровнях, проблем мультикультурализма в современных обществах и главных

вызовах глобализации, роли межконфессионального согласия в процессе сближения культур и народов, значения образования и воспитания молодежи в построении культуры мира, формировании нового гуманизма, экологической культуры и глобальной этики в XXI веке.

С чувством гордости за свою альма матер, носящую имя Великого мыслителя Востока Абу Наср аль-Фараби, слушала я выступление Постоянного представителя РК при ЮНЕСКО О. Сулейменова. Он сказал: «диалог культур и цивилизаций имеет глубинные исторические корни, у истоков которых стоял аль-Фараби». Данный аргумент свидетельствует в пользу того, что проводимая коллективом университета работа по изучению наследия аль-Фараби и завершение экспозиции одноименного музея являются весьма актуальными.

Примечательно то, что в рамках форума состоялась церемония вручения

специального диплома о присвоении Алакольскому заповеднику статуса биосферного резервата ЮНЕСКО. Это другой немаловажный факт, открывающий перспективы для продвижения КазНУ по пути устойчивого развития, расширения сотрудничества с ЮНЕСКО и другими международными организациями. Ведь университет уже приступил к реализации инициатив РИО+20 – созданию и ресурсному обогащению регионального Хаба в Центральной Азии по устойчивому развитию, вовлечению молодежи в движение «Зеленый мост через поколения». Такая работа активно проводится на факультете географии и природопользования, которую подхватили другие факультеты и структурные подразделения университета.

Тамара ТАЖИБАЕВА,  
и.о. профессора кафедры  
энергетической экологии,  
директор музея университета

КазНУ вошел в топ-300 лучших университетов мира, заняв 299 место в международном рейтинге QS



**Орынтай СҮЛЕЙМЕНОВА,**  
**химия ғылымдарының докторы, профессор:**

## «ЕЛІМІЗДЕГІ БАРЛЫҚ КЕНДЕРДІҢ ҚҰРАМЫ БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ЗАТТАРДАН ТҰРАДЫ. СОНЫ ИГЕРУ БАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ САЛАЛАРЫНЫҢ МІНДЕТІ БОЛУ КЕРЕК!»

**- Бүгінде химия саласы дамып келеді. Соның ішінде бейорганикалық химияның ерекшелігі қандай?**

- Әрине, химия ол – өмір, ол – қоршаған орта, ол – материя, ол – зат. Өмірдің өзі тұнып тұрған химия. Киген киімімізден бастап ішетін тамағымыз, сондай-ақ пайдаланып жүрген заттардың барлығы да химияның қатысуымен алынады. Айналамыз түгел химия, керек десеңіз, адам ағзасының құрамы да химиядан тұрады. Өмір бір орнында тұрмайтыны белгілі. Олай болса, химия да дамып отырады, бүгінгі кибернетика заманында химияның дамуының жолы да қарқындап өсіп отыр. Ал бейорганикалық химияның орны өте ерекше. Ол барлық химия ғылымдарының кіріспесі, бастамасы деп айтсам қателеспеймін. Элементар бөлшектерден бастап атом, молекула, зат, қосылыстар, күрделі қосылыстар, міне, осылардың барлығы – бейорганикалық химияның қарастыратын мәселелері. Мысалы: оксидтер, гидрооксидтер, қышқылдар, тұздар. Одан әрі күрделіленіп, тыңайтқыштар, қара металлургия, түсті металлургия, т.б. айта берсе шексіз кете береді.

**- Бейорганикалық химияның негізін салушы қазақ ғалымдары жайлы да айта өтсеңіз?**

-Бейорганикалық химияның негізін салушы қазақ ғалымдарын атайтын болсам, ең алдымен, Әбікен Бектұрұлы Бектұров, Батырбек Ахметұлы Бірімжанов, Сәтбек Туғанбекұлы Омаров, Хайролла Досжанұлы Молдағалиев, Мұқан Байпақбайұлы Мұратбеков. Бұл ғалымдар, ең алдымен, біздің Қазақ ұлттық университеттегі химия факультетінің қалыптасып дамуына үлкен үлес қосқан. Олар жоғары оқу орындары үшін химия оқулықтарын қазақ тіліне аударумен айналысып, қазақша оқулықтар жазды.

Ә. Бектұров Қаратау фосфоритінен әртүрлі фосфор тыңайтқыштарын алудың ғылыми негізін қалады. Фосфор қосылыстары мен фосфор тыңайтқыштарын зерттеуде Ә.Б. Бектұров және оның шәкірттері көп еңбек сіңірді.

Б.А. Бірімжанов Қазақстан Республикасындағы табиғи тұздарды іс жүзінде қолдану жөніндегі көлемді зерттеулердің негізін салды, бұл зерттеулердің нәтижесінде отандық табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың ұтымды технологиялары ұсынылды. Табиғи тұздарды іс жүзінде қолданудың қолданбалы зерттеулерін жүргізумен қатар ол континенталдық тұздардың түп-тамырын зерттеу жөнінде өте ауқымды теориялық жұмыстарды жүргізді. Балқаш, Алакөл, сондай-ақ 100 тұзды көлдің, 15 өзеннің және 39 өзен сағаларының суларын зерттеу жөніндегі үлкен жұмыс нәтижесінде континенталдық тұз түзілу теориясын жасады, ал бұл еңбектер өз кезегінде

Қазақстан Республикасының гидросферасының экологиялық жағдайын сипаттауға үлкен үлесін қосты.

Осы жұмыстармен қатар жоғары сапалы тыңайтқыштарды өңдеу мақсатында Қазақстанның табиғи фосфаттарын зерттеуге де үлкен көңіл аударды. Атап айтқанда, Бірімжановтың жетекшілігімен Қаратау және Ақтөбе кен орындарының фосфориттерін зерттеу жұмыстары жанданып, бүгінге дейін жалғасып келеді.

Х. Д. Молдағалиев «Гетерогенді бор және фосфоры бар жүйелерді зерттеу» ғылыми жұмыстары жүргізілді. Зерттеу бор қышқылын тазалау, кальциленген содамен шламдық фосфор қышқылын бейтараптандыруда түзілген қатты фазалардың фазалық құрамын, натрий триполифосфатын алуда түзілген қатты фазалардың фазалық құрамын анықтауға арналған.

Осы ғалым-педагогтардың жолын бүгінде әрі қарай дамытып жалғастырып келе жатқан шәкірттерін айтпай кетуге болмайды. Олар жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының белсенді профессорлары, ғалым-ұстаздарымыз Н. Н. Нұрахметов, М. Р. Танашева, Г. С. Куанышева, М. М. Бүркітбаев, А. Қ. Баешова С. М. Романова, Ә. Б. Бектұров атындағы химия институты директорының орынбасары Ө. Ж. Жүсіпбеков. Бұл ғалымдар, ең алдымен, біздің Қазақ ұлттық университетіндегі химия факультетінің қалыптасып дамуына үлкен үлес қосушылар.

Қазақ ұлттық академиясының корреспондент-мүшесі М. М. Бүркітбаевтың жетекшілігімен халықаралық маңызы зор «Радиохимия және қоршаған ортаның радиохимиясы» тақырыбында қомақты ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Профессор Н. Н. Нұрахметовтің «Фосфор өндірісі қалдықтарының негізінде түзілетін пигменттерді синтездеу және физика-химиялық зерттеу», «Қазақстан су қоймаларындағы тұз түзілу процесін және полигалит түзілу, конденцияланбаған фосфориттен тұз, күрделі тыңайтқыштар алудың физика-химиялық негіздерін зерттеу», «Амидқышқылдарды алудың негіздерін зерттеу» ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша ғылыми мектебі қалыптасқан.

Профессор М. Р. Танашеваның басшылығымен шәкірттері «Бейорганикалық қышқылдар, сілтілік және сілтілік жер металдар жүйелеріндегі фазалық және экстракциялық тепе-теңдіктерді физика-химиялық талдау» атты ғылыми-зерттеу жұмыстарын сара жолға қойған.

Профессор Г. С. Куанышева өз шәкірттерімен «Қолданбалы мағынасы зор мономерлі және полимерлі түрдегі фосфорқұрамды қосылыстар мен материалдарды (тыңайтқыштар, ингибиторлар, сорбенттер, шынылар, т.б.) алудың іргелі негіздері» атты ғылыми-зерттеу

жұмыстарымен айналысуда.

**- Химия ғылымының қоғамдағы практикалық мәселелерді, табиғат дамуы туралы материалдық көзқарастарды шешу мен жаңа заттар, дәрі-дәрмек, энергия мен отынның жаңа көздерін табу, тағы басқа адамзат қажетіне керекті көптеген заттар алуда маңызы зор. Десек те, осы химия саласының зардаптары да жоқ емес. Осы жайлы айта кетсеңіз?**

- Өте орынды сұрақ. Бүгінде экология мәселесі ең бір жанды сұрақ болып тұр. Химиялық алпауыт өнеркәсіптер мен зауыттардың өнім шығаруымен қатар, қоршаған ортаны ластайтын өндіріс қалдықтары да жеткілікті. Бірақ бұл мәселе еш уақытта назардан тыс қалған емес. Өндірістік қалдықтарды қайта өңдеп оларды пайдаға асырудың көптеген жолдарын қарастыратын, қалдықсыз технология саласында қомақты-қомақты ғылыми зерттеу жобалары жүргізіліп жатыр. Дегенмен, кейде сондай жағдайлар болып жатады. Ол химияның зардабы емес қой. Ол химия өндіріс орындарының, өнеркәсіптерінің жіберіп алатын ақаулары деп айтуға болады. Техникалық қауіпсіздік қатаң сақталу керек, өнеркәсіп пен өндіріс орындарының басшылары бәрін жіті қадағалап, бір сәт естен шығармауы қажет. Дер кезінде жөндеулер, ескірген құрылғылар мен механизмдерді жаңартып отыру т.с.с. жұмыстар үнемі жүргізіліп отырса, мұндай мәселелер туындамас еді деп ойлаймын.

**- Бейорганикалық химия периодтық жүйедегі барлық элементтер химиясын қамтиды. Органикалық қосылыстардың қасиеттері бейорганикалық қосылыстардан ерекше, ал элементорганикалық қосылыстар аралық орын алады. Бейорганикалық заттардан қазіргі таңда қандай заттар өндіріледі?**

- Бейорганикалық заттар деп бөліп жарып айту керегі жоқ сияқты. Себебі барлық салада өндірілетін заттардың, қосылыстардың, бұйымдардың алғы шикізаты, құрамы бейорганикалық заттар болып табылады. Қазақстанның жер қойнауында Д.И. Менделеев кестесіндегі элементтердің барлығы жатыр ғой. Біздің жеріміз өте бай. Отанымызда қаншама кен орындары бар. Ал барлық кендердің құрамы бейорганикалық заттардан тұрады. Соны игеру барлық ғылым салаларының міндеті. Қазақстанда бейорганикалық заттардың өндірісі көптеп саналады. Мысалы, барлық өндіріліп жатқан металдар бейорганикалық заттарға жатады. Балқаш, Жезқазған, Өскемен, Павлодар, Майқайың, Ақтөбе, Жамбыл, Индер т.б. қалаларында ірі-ірі өндіріс орындары бар. Алтын, мыс, мырыш, алюминий, марганец, магний, титан, қорғасын, хром,

уран, бор, күкірт қышқылдары, борқұрамдас, фосфорқұрамдас күрделі тыңайтқыштар – осылардың біразы біздің Қазақстанда өндірілсе, біразының кен орындары ашық жатыр. Санап жатса жетерлік.

**- Шәкірттеріңіздің ынтасы қандай? Қай шәкіртіңіздің жетістіктерін айта аласыз?**

-Шәкірттердің барлығының ынтасы бірдей емес. «Білімге құштар, осыны білсем-ау», - деген студенттермен жұмыс жасау бір ғанибет. Ал солармен қатар, сабаққа енжар, тек сабаққа келіп, реті келсе келмей қалып, әйтеуір бір дипломды қолға түсірсем дейтін студенттерді көргенде көңілің құлазып қалады. Мұндай жағдайлар соңғы кездері кездесіп жүргенін жасырмаймын.

Шәкіртті бір ұстаз ғана оқытпайды ғой. Сондықтан, мен айтар болсам, біздің жалпы және бейорганикалық химия кафедрасын бітірген шәкірттеріміз Отанымыздың түкпір-түкпірінде, сондай-ақ алыс және жақын шетелдерде қызмет етуде.

**- Сіз химияның жаңа терминологиясын әріптестеріңізбен бірге жасап жатыр екенсіз. Жаңа терминологияның ерекшеліктері қандай?**

-Иә, қазір сондай мәселемен айналысып жатқанымыз рас. ҚР терминология комитетінің тапсырысымен тек химиктер ғана емес, бүкіл ғылым саласы айналысып жатыр. Бұл жұмыстың бұрынғыдан өзгешелігі – химия, биология, медицина, экология және дене тәрбиесі ғылымдары бойынша ортақ бірізділенген қазақша терминдер жасау. Бұл бір өте күрделі жұмыс болып тұр.

Сондай-ақ бұрынырақ шыққан 33 томдық сөздіктің 13-ші томына кіретін химия ғылымдары бойынша сөздікте 5000 сөз болған, ал енді жаңадан шығатын сөздікте сөз қоры едәуір көп болмақ. Химия бойынша терминдермен айналысып отырған топтың жетекшісі жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының профессоры, химия ғылымдарының докторы Н. Н. Нұрахметов, ал топтың мүшелері – химия ғылымдарының докторы, профессор Ә. Қ. Қоқанбаев, химия ғылымдарының докторы, профессор Г. Ш. Бурашева, химия ғылымдарының кандидаты, доцент Г.Л. Бадабамова, химия ғылымдарының кандидаты, доцент Ж. Ешова, химия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Б. Діністанова және мен де осы іске белсенді қызмет етудеміз.

**- Сұхбаттасқаныңызға рахмет!**

*Сұхбатты жүргізген*  
**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

22 ҚЫРКҮЙЕК - ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТІЛДЕРІ КҮНІ

## Ұлт тірегі - тіл

Ұлттың ең бірінші тірегі – тіл. Егер тілі ийылса, онда халық та жойылар еді. Ал сол тілді жойылудан сақтау – ұлттың міндеті.

«Мен – өскен ойпаң жерге аласа ағаш. Емеспін жемісі көп тамаша ағаш, Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі Пайдалан шаруаңа жараса, алаш», – деген Міржақып Дулатов секілді елі, ұлты, қазағы үшін бар өмірін сарп еткен, өмірін тек халқына, Отанына арнаған небір арыстар бұл дүниеден өткен. Олардың қатарында Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтар бар. Бұлар қазақтың ұлтын сүйген қаймақтары еді. Бүгге олардың шығармалары мектеп оқулықтарына енгізіліп, жарыққа шықты. Біз, соңғы буын, ұлы тұлғалардың шығармаларына бас қойып, бойымызға сіңіріп келеміз. Шығармаларын оқып отырып, зиялылардың өмір жолынан ұлтжандылар, ұлтшылдар деп қудаланса да, небір азапты көрсе де, қазағы үшін бәріне шыдаған, бәріне төзген айбатты, қайратты мінездерін үлгі етеміз. Ұлы Абай да қайтсем қазақты оятып, санасына саңылау құям деп мыңмен жалғыз алысса, бұл арыстар да ұлы Абайдың жолын қуған. Ахмет – тіл құрыса, ұлт құритынын ойлап, қазақ тілін өркендетуге бар күшін салды. Ғалымның «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» еңбектері – жоғарыдағы сөзіміздің дәлелі. Ахмет өзінің соңынан, кейінгі ұрпаққа – бізге мол мұра қалдырды. Ұлы Абай атамыз айтқандай:

«Өлді деуге бола ма ойлаңдаршы? Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп, біз ағартушының мұраларын әлі

де оқи түсуіміз керек. Өйткені, онда бізді болашаққа жетелейтін, рух беретін күш бар.

Қазақ деп өткен тағы бір жан – М. Дулатов еді. Сол кездегі байлардың озбырлығы мен ұлылардың пікірлері Міржақыптың санасын кеңейтіп, ұлтжандылығын оята түседі. М. Дулатовтың қазақтың санасын ашқан, ұйқысынан оятқан «Оян, қазақ!» атты өлеңі, оның ақындық даңқын қазақ арасына кеңінен жайды.

Иә, сол аумалы-төкпелі заманның өзінде «қазақ» деп кеуде қағып шыққан, артына өшпес із қалдырған азаматтарды қастерлеп құрметтеу – біздің парызымыз. Осындай азаматтарымыздың тұншығып жатқан еңбектерінің кең тыныс ала жариялана бастауы тәуелсіздігіміздің арқасы десек, артық айтқандық емес.

«Туған тілім – тірлігімнің айғағы, Тілім болса айтылар сыр ойдағы Өссе тілім, мен де бірге өсемін Өшсе тілім, мен де бірге өшемін», - деп Ә.Тәжібаев айтпақшы тіліміз өшсе, онда ұлтымыздың өшкені.

Ұлтын, Отанын, тілін, дінін сүйген адам өз елін, туған жерін, халқын ешқашан да сатпайды. Сондықтан да ата-бабаларымыз аңсап келген тәуелсіздігімізді сақтау үшін өз тілімізді биікке көтеру – өз қолымызда. Ең әуелі өзіміз қазақ тілінде сөйлегенде ғана оның тасы өрге домалары анық. Содан кейін өзге ұлттың қазақ тілінде сөйлеуіне жол ашылады.

**Айнұр ОҢДАШ,**

халықаралық қатынастар факультеті, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының оқытушысы

## Тіліміздің тарихы терең

Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Тұтас тарихын алып қарастырсақ, бүгін я кеше пайда болған тілдердің тобынан емес. Тіліміздің сан ғасырлық тарихы бар. Бұлай дейтініміз ұлттық тіліміз ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып күні бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Қазақ тілі көне бастауын әр кездегі түркі жазулары ескерткіштерінен – Талас, Орхон-Енисей, сондай-ақ кешегі орта ғасырлардағы Ж.Баласағұнның «Құтты білік», М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрік», А.Йгүнекидің “Һибатул һақайық», Қ.А. Ясауидің «Диуани хикмет» еңбектерінен бастау алса, Алтын орда, Шағатай және Қыпшақ дәуіріндегі еңбектерде бүгінгі тілдің сараланып жетілу жолы анық көріне бастайды. Кешегі қазақ хандығы тұсындағы халық ауыз әдебиетінің сарқылмас қайнары жыраулар поэзиясының өзі асыл мұрамызға құйылған бұлақ десе болғандай. Ал, қазіргі әдеби тілдің негізін ХІХ ғасырдың ІІ жартысында ақын, ағартушы, ұлы ойшыл, дара тұлғаларымыз Абай, Ыбырай, Шоқандар нықтап қалап кеткен болатын. Десе де сол тарихи кезеңдер арасында қазақ халқы талай-талай зұлмат замандарды, жаугершілікті, ашаршылықты, саяси жаппай қудалауды басынан өткерсе де, өз тілін сақтап қалу жолында аянбай қызмет ете білді. Халқымыз кешегі 1929 жылға дейін төл әліпбиі ретінде араб графикасын пайдаланса, 1929-1940 жылдар аралығында латын графикасының үздік үлгісіне көшкен

болатын. Латын әліпбиінің тиімділігін о баста көре білген А.Байтұрсынов, Қ. Жұбанов бастаған тілші ғалымдар ұлты үшін аянып қалмады. Осы тұста қазақ зиялыларының, дәлдеп айтқанда, алаш алыптарының негізгі еңбектері Ташкент, Орынбор, Қазан баспаларынан үстін-үстін шығып жатты. Жаппай саяси қуғын-сүргін бәсеңдеген тұста, яғни 1940 жылы қазақ жеріне орыс графикасы енгізілді. Қалай айтқанда да қазақ тілі қиын кезеңдерді, түрлі алфавиттік ауысуларды бастан кешірсе де дәстүрлі, тұрақты қатаң тілдік нормасы бар екенін көрсетіп қана қоймай, халықтық тілден ұлттық деңгейге көтеріліп, түпкі түрін сақтаған байырғы тіл екенін дәлелдеді. Иә, бүгінде еліміз – тәуелсіз егеменді ел. Қазіргі қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Бұлай дейтініміз қазақ тілінің сөздік құрамы өте бай, оған 67 мың тізімдік сөз, 24,5 мың фразеологиялық тіркес барлығы – 91,5 мың лексикалық бірлік енген. Оған қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі дәлел бола алады. Ендігі тілек, мемлекеттік тіліміздің аясы кеңейіп, ана тіліміз асқақтағанда халқымыз тәуелсіздіктің рухани қуатын толық сезініп Елбасымыздың «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деп қойып отырған қазіргі стратегиялық мақсаты күнделікті ақиқатқа айналса екен.

**Октябрь СҮЙІНБАЙ,**

филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 1 курс магистранты

## Алғашқы баспалдақ!

**Мен Ақтөбе қаласындағы М. Құсайынов атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатының түлегімін. Міне, биыл оқу жылын аяқтап, студенттік өмірге жол тарттым. Менің студенттік жылдарым әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан басталмақ. Бұл университет - Қазақстан жоғары оқу орындары арасында көшбасшы. ҚазҰУ-дың сексен жылдық тарихы бар. Әлемнің екінші ұстазы «Әл-Фарабидің» есімімен аталған. Осы университетке түскенімді естігенде менің төбем көкке жетті. Себебі: бұл университет мен үшін тек арман ғана болатын, енді, міне, сол арманымға қол жеткіздім.**

ҚазҰУ аспанмен таласқан, басын қар шалған, биік асқар тау Алатаудың баурайында орналасқан. Бұл да мен үшін тосын сый болды. Ал енді университет табалдырығын аттағандағы сезімді айтып жеткізу мүмкін емес, тап бір жұмаққа енгендей күй кештім десем артық болмас. ҚазҰУ қалашығындағы жайқалған гүлдердің, қаз-қатар тізілген талдардың хош иісін рахаттана бір жұтып, шаршағаныңды ұмытып ғаламат күй кешесің. Бұл талдар демалсаң таза ауа, ыстықта жанға сая. Қарасаң көздің жауын алады. Ал құлпыра өскен гүлдер университетті одан ары жайната түседі, жасарта түседі, бейне бір көкала кілем төсеп қойғандай... Біздің университет өте үлкен және студентке керекті барлық техникамен, құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Әлі де құрылыс жұмыстары жүріп жатыр, зәулім ғимараттар салынып, болашақта ҚазҰУ студенттерінің игілігіне жұмсалмақ.

Әрбір студент университеттің аумағынан шықпай-ақ барлық керегіне оңай қол жеткізе алады. Интернет клуб, стадион, кинотеатр, тамақтандыру орталығы, кітапхана, дүкен, жатақхана барлығы осы ҚазҰУ қалашығында орналасқан. ҚазҰУ-ды біз «Студенттік қалашық» деп атаймыз. Себебі ол қала ішінде табиғаты жайқалған мекенде өзінің тыныштығымен қоса, әдемілігімен ерекшеленіп тұр.

Мен осы университеттің №7 жатақханасына орналастым. Жатақхана өте жайлы, іші өте таза. Ұстаздары да жылы жүзді, мейірімді, мейірбан жандар. Бізді осы жатақхананың басшысы Жанна Базарбаева жылы жүзбен, құшақ жая қарсы алды. Жатақханамен таныстырды, орналастырды. Ал ҚазҰУ ректоры Мұтанов Ғалым Мұтанұлы өзі арнайы жатақханаға келіп біздің жағдайымызды біліп кетті. Біз өте қуаныштымыз. Жатақхана біздің екінші үйіміз, ал осындағы барлық

апайлар біздің екінші анамыз секілді. Сондықтан да біз жатақханадағы барлық апайлардың айтқанын ұйып тыңдаймыз, екі етпей орындаймыз. Осы жатақханада тұратын барлық студенттер өте бауырмал, бір анадан туғандай бізге қамқор болуда. Жоғары курстың студенттері білмегенімізді үйретуден жалығар емес.

Жатақханаға келген күннен бастап бір бөлмеде төрт қыз тұрамыз. Екеуі - Ақтөбе қаласынан, біреуі - Атырау, енді біреуі - Семей қаласынан. Біз үш қыз батыстан болғандықтан сөйлеген кезде еш қиындық туындамайды, ал Мөлдір сөйлегенде сөздеріне түсінбей жатамыз, ол біздің сөзімізге, біз оған рахаттана күліп аламыз. Бірақ қазір бір-бірімізге де, сөзімізге де үйренісіп келеміз. Алғашқы студенттік өмірдің шәйі да, тамағы да, суы да... дәмі ерекше. Естен еш кетпестей екен. Өмірімізде ең есте қалатын алғашқы студенттік күндерім қызыққа толы басталды. Студенттік өмірім ҚазҰУ-

да жалғасын таппақ...

Міне, мен осылай студенттік өмірімді бастадым, осындай атақты университетке түскеніме өте қуаныштымын, енді қазақтың қара шаңырағы, білім ордасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әрі қарай дамуына ат салысамын. Бұл менің өмірдегі шыққан алғашқы баспалдағым деп ойлаймын...



**Жансая ОРЫНБАСАР,**

биология және биотехнология факультетінің 1 курс студенті

**В КазНУ 18 сентября состоится акция «День без автомобиля»**



# 100 КІТАП

**Әбу Насыр әл-Фараби - антикалық грек ойшылдарының еңбектерін араб тіліне аударып, оған герменевтикалық талдау жасаған, сонымен қатар өзіндік төлтума көзқарастарымен философия тарихында өз орнын айшықтаған, «Екінші ұстаз» атанған энциклопедист-ойшыл. Философия тарихындағы сабақтастық принципіне жүгінер болсақ, онда әл-Фарабидің ойлау тарихындағы орны сомдала, биіктей, асқақтай түсері хақ. Орта ғасырларда әлемге ежелгі грек философиясын түсіндіріп қана қоймай, ислам фалсафасының іргетасын қалаған ойшыл екендігі дау тудырмайды. Кейінгі тарихи кезеңдерге Еуропада ренессанс дәуірінің келуіне мұрындық болып, бүкіл Еуропа философиясының қалыптасып, дамуына өзіндік ықпалын тигізген ғұлама. Әл-Фарабидің ғылыми-философиялық еңбектері көптеп саналады. Бүгінгі таңда да бұрындары бізге белгісіз болып келген трактаттары табылуда. Осыдан мың жылдан астам бұрын ғұмыр кешкен ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фарабидің зерделі мұрасы мен мирасы бүгінгі таңның өзекті мәселелерін шешуге өз септігін тигізіп, ойымызға ой қосып тұрса оның өміршеңдігі емес пе!**



Abu Nasr al-Farabi

Ойшыл еңбектерінің қаншама дәуірлер өтсе де маңыздылығын жоғалтпай келе жатқандығы, ондағы ойлардың даналығында, тереңдігінде болса керек. Жалпы алғанда тарихтың елегінен өткен философиялық ойлар ешқашан да ескірген емес, ондағы жинақталған дана ойлар біздің санамызға ой салып, соны көзқарастардың қалыптасуына ықпал етеді. Әл-Фараби шығармалары осындай өрісі кең, өресі биік еңбектер санатына жатады. Философиядағы тарихи сабақтастық өз жалғасын таба береді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактаты» ойшыл дүниетанымының мазмұнды арналарының бірі. Трактатта ізгілікті қоғам болмысының негізгі тетіктері мен қажетті шарттары туралы жан-жақты талданып, зерделенеді. Мәселен, адамның табиғатынан көмекті қажетсініп, қоғам құруға бейілді екенін және адам қоғамының түрлері көптігін айтады. Себебі әрбір адамның тіршілік етуі мен кемелділікке жетуі үшін қандайда болмасын қауым керек. Қауым адамдары бір-біріне көмек көрсетулері арқылы ғана

кемелділікке жетіп, тыныштығын сақтайды және үйлесімді өмір сүреді. Бірақ олардың барлығы толық мәнге ие бола алмайды және қоғамның да түрлері көп. Ойшыл толық мәнді қоғамды үшке бөледі: ұлы, орташа, шағын және оларды барша адамзат баласының қоғамдарының тұтас жиынтығы дейді. Игілік пен кемелділік дәрежесіне ең бірінші қала жетпек. Әл-Фараби: «адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала – қайырымды қала, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отырса, бүкіл ғалам қайырымды болмақ», – деген гуманистік ойын ұсынып, оның жүзеге асуын аңсайды. Қала болмысы – адамның кемелденген денесі мен оның мүшелері секілді. Дене мүшелері тіршілік ету мақсатында бір-біріне көмектесіп отырады және өздерінің қабілеттері мен жаратылыстарына қарай бөлінеді. Дәл сол секілді қала бірлестіктері де қабілеттеріне

байланысты бөлінеді. Данышпан ізгілікті қоғамды қалай билеу керек, оның бөлшектері туралы, әділ билеудің әдістері мен билеушінің қабілеті, белгісі, негізгі шарттары жайлы пайымдайды. Қала басшылары қала бірлестігінің мүшелері болуы үшін тек табиғи қасиеттерімен ғана емес, өнер секілді қасиеттерімен де мүшелікке енеді. Ал қала бірлестігінің басшысы бойындағы қасиеттерімен өзгелерден кемелді болғандықтан жоғары тұрады және мәртебелі. Ол қаланы тәртіпке келтіруші, жол сілтеуші, мұны әл-Фараби адам тәніндегі жүрекпен теңестіреді. Әрбір адам өмір сүруі мақсатында «әуел бастан-ақ бірінші себептің үлгісі мен мақсатына жету үшін жаралған, міне, нақ осының арқасында олар ең мәртебелі басқыштарға шығып отыр». Сондықтан да қаланың әрбір мүшесі өз қызметтеріне сәйкес қала басшысының мақсаттарын көздеулері тиіс. Басшы қала тұрғындарын бақытқа апаратын ең дұрыс жолға сілтеп, оған жеткізетін әрекетке талпындыруы тиіс. Қаланың басшысы болу үшін адамның бойында он екі қасиеттің табылуы шарт. Бірақ жаратылысынан бойында мұндай қабілеттер мен қасиеттер

бір адамның бойында табылуы өте қиын жағдай. Данышпанның пайымдауынша игі қасиеттердің алтауы, тым болмаса бесеуі оның бойына біткен болса, ол адам қаланың басшысы бола алады.

Әл-Фараби қайырымды қалаға қарсы надан қалалар дегеніміз не және олардың қанша түрлері бар екендігі, олардың басқару түрлері мен әдістерін де назардан тыс қалдырмайды. Қайырымды қа. тұрғындарының бақытқа жету жолы мен қайырымсыз қаланың бақытсыздыққа кенелетіндігін атап өтеді. Қайырымды қала надан, өнегесіз, алыс-беріс және адасқан қала түрлеріне қарсы. Қайырымды қала тұрғындарының білімі мен қызметтері жалпыға ортақ және осы ортақ әрекеттер жасау арқылы адамның өзі де бақытқа жетеді.

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**  
философия ғылымдарының докторы,  
профессор;

**Әсет ҚҰРАНБЕК,**  
философия ғылымдарының  
кандидаты, доцент

## ІЗГІЛІК ПЕН БАҚЫТҚА ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ БАЙЫПТАЛҒАН ШЫҒАРМА

**«Ізгі, кемел елге қарама-қайшы қауымдар мыналар: надан ел, бұзылған ел, айныған қала, тура жолдан адасқан ел. Бұл өзгеше елдердің халқы да ізгі елдің халқына қарама-қайшы болып келеді», – дейді Екінші ұстаз. Надан ел бақыт дегенді және оған жетудің жолын білмейді. Мұндай елдің халқы тән ләззаты, байлық, атақ пен абыройға жетуді мақсат етіп алғандардан тұрады. Бұл ұғымдар олар үшін бақыттың бір көріністері және бақытсыздық деп осы ұғымдарға қарсы ұғымдарды таниды.**

Надан ел: қайыршыл, бай, қарапайым және құлдыраушы, атаққұмар, зорлықшыл, ұйымшыл болып бөлінеді. Әрқайсысының аты мен затына сай және өзіне тән жағымсыз қасиеттері бар. Мәселен, атаққұмар елге халқы ел арасында атақ пен абыройға ие болуды, мадақ сөз естуді, марапаттау қағазын алуды, әрбір жақсылығы мен сүйіспеншілігі, беделінің мөлшері үшін мақтау мен марапаттауды, құрметті мақсат ету сындылар тән. Зорлықшыл елге өзге елдерге өз үстемдігін жүргізіп, оларға өзін-өзі басқаруға ешбір мүмкіндік бермейтін, оларға кедергі жасайтын, тек билік етуді мақсат ету тән. Ұйымшыл ел деп халқы еркіндікті сүйетін, бірақ кез келген нәрседе өз еріктерін шектемейтін елді айтады. Қайырымды ел басшысының қасиеттері секілді надан елдердің де өздеріне тән мөлшерлі қасиеттері болады және аталғандардың барлығы надан елдің мақсат-мүдделері болып табылады.

Ізгілік пен бақытқа жету жолдары арқашан біртұтас болады. Себебі,

«әртүрлі дәуірлерде бірінен кейін бірі ізгі елдерге билеуші болған адамдар, тек бір рух, әрдайым өзгермейтін билеуші сияқты». Олардың болмысы мен бітімі ұқсас, сабақтас келеді және олардың қарамағындағы халықтар да дәл осылай ізгілік пен мейірімділікте, бақытты шақта өмір сүреді. Ізгі ел халықтарының барлығына тән әрекет ететін қасиеттері секілді шағын топтардың да осыған ұқсас қасиеттері болады. Оларды өзі мен өзгелер үшін және ортақ игі нәрселер үшін әрекет ету арқылы бақытқа жету, оған ұласу құрайды. Сондықтан да әл-Фараби: «Әркім осылай әрекет еткен кезде, осы әрекеттері оған жоғары, ізгі рухани қабілет береді және ол бұл әрекеттерді қаншалықты жалғастырар болса, бұл қабілет соншалықты күшті әрі кемел болады. Осылайша оның қуаты мен кемелдігі белгілі болады», – дейді.

**С.Қ. ТҰРҒАНБЕКОВ,**  
философия кафедрасының  
1 курс PhD докторанты

## ҚАЙЫРЫМДЫ ЕЛ БАСШЫСЫНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ ТУРАЛЫ СӨЗ. БІРІНШІ БАСШЫНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

Мұндай жағдайға тек бойында жаратылысынан 12 табиғи қасиеті бар адам ғана жете алады: а) осы қасиеттердің бірі, оның мүшелері кемшіліксіз және сау болуы, бұл мүшелердің оны және өздеріне қатысты әрекеттерді жасауға қабілетті болуы. Ол осы мүшелердің кез келген біріне қатысты әрекет жасағысы келген кезде, оны өте оңай жасауы тиіс. ә) Ол өзіне айтылған бар нәрсені жақсы түсініп, қабылдау қабілетіне жаратылысынан ие болуы керек. Айтып жатқан кісінің мақсатына немесе айтылып жатқан нәрсенің логикасына сай оны түсінуі керек. б) Түсінген, көрген, естіген, қабылдаған нәрсесін есінде сақтау қабілеті болуы керек. Ешбір нәрсені ұмытпауы керек. в) Көкірек көзі ояу, өте ақылды болуы керек. Бір нәрсеге байланысты ең кішкентай бір дәлел көрген кезде, осы дәлел меңзейтін бағытта сол нәрсені жетік меңгеруі керек. г) Осындағы нәрсені толық жеткізе алатын көркем сөйлеу қабілеті болуы керек. д) Үйренуді, ізденуді сүйіп, оған өзін арнауы және үйренудің қиыншылықтарын жеңіп, қиындықтарға сабыр етуі керек. Бұларды шаршататын, қиыншылық туғызатын нәрсе деп қабылдамауы керек е) Дұрыстықты, дұрыс адамдарды сүйуі керек, жалғанды және өтірікшілерді жек көруі керек. ж) ішіп-жеу мен жыныстық ләззатқа ұмтылмайтын, оларды қаламайтын адам болуы керек.

Құмардан бойын аулақ салып, ондай нәрселерден туындайтын ләззатты жек көруі керек. з) рухы биік болуы керек, намысты, жомарттықты сүйуі керек, рухы жаман және төмен нәрселерден жоғары болуы керек, ең жоғары нәрселерге қарай ұмтылуы тиіс. и) Күміс, алтын және секілді дүниелік мұраттар, нәрселер оның назарында маңызы жоқ нәрселер болуы керек. к) Әділетті және әділ адамдарды сүйуі керек, қысым мен зұлымдықты және осыларды істейтіндерді жек көруі керек, өзі мен басқаларына байланысты ынсап иесі болуы керек, адамдарды ынсапты болуға шақыруы керек, қысым көрген жандарға жаны ашуы керек, жақсы, дұрыс деп тапқан барлық нәрселерге қолдау көрсетуі керек, әділ болуға, әділетті жүзеге асыруға шақырылған кезде, оны істеуде жүзеге асыруда құлықсыз болып, қыңырлық көрсетпеуі керек, керісінше әділетсіздік пен жамандықты істеуін талап еткенде оған қарсы табанды, ұстамды және жігерлі болуы керек. л) істелуі міндетті деп тапқан нәрсеге байланысты жігерлі, шешімге берік болып, қорқу мен әлсіздік танытпай, батылдығын оны жүзеге асыруы керек.

**Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 4-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. Астана: «Лотос – Астана» ЖШС 2007. – 296 б.**

**ҚазҰУ-дың ғылыми-технологиялық паркі «WeakUp» атты жаңа инновациялық компанияның жұмысын ұсынды**

Бексұлтан БАРАТ,  
жас ақын, ҚазҰУ студенті:

## Балаға талбесіктен тәрбие түзу берілсе, жаман қасиеттерден ада болып өсері хақ



- «Қазақ университеті» газеті оқырмандарына өзіңіз туралы қысқаша айта кетсеңіз?

- Мен жер жәннаты жетісудың баурайын жағалай орын тепкен, Суандар елі жайлаған Жазиралы Жаркент өңірінің перзентімін. Балалық балдауренім аталған Жаркент қаласына қарасты Еңбекші ауылында өтті. Аядай ауылымда орналасқан желтоқсан құрбаны Ербол Сыпатаев атымен аталатын орта мектепті 2011 жылы аяқтап, әсем қаламызға арман қуып келдім. Жаратқанның ерекше сыйы болар сол жылы талайлардың арманы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті атандым.

- Өзің жас ақынсыз, болашақ журналиссіз, рі өз замандастарының ортасында әншісіз. Шығармашылық жайлы, әсіресе өзіңіз құрған «Назар» тобы туралы баяндап өтсеңіз?

- Бабаларымыз «жігітке жеті өнер де аз» деп орынды айтқан. Осы қағиданы нысанаға ала отырып бұл сұраққа былай

жауап қатайын. «Жігіттің жақсысы нағашысынан», - демекші, әншілік өнер нағашыларымнан дарыған. Анамның домбырамен ән салатыны бар. Мені осы өнер баспалдағына жетелеген де анашым. Кішкене кезімнен ән салудың қыр сырын өнердегі ағаларымнан үйрендім.

Ән салумен қатар композиторлық қырым да бар. Соның жемісі деп білем. Бүгін де қара шаңырақта білім ала жүріп, қосымша өнер жолына қадам басқан жайымыз бар. Өзіммен қатар білім алып жүрген Ақтөбе өңірінің тумасы, өнерлі жігіттердің бірі Қарасай Нұрханмен біріге отырып, «Назар» атты топ құрып, қазақ эстрадасына жол тарттық. Құрылғанымызға бір жыл болса да, бірнеше әндерімізбен бейнебаянымыз жарық көріп үлгерді. Тобымызға Айдын Тельман бауырымыз демеушілік жасаумен қатар, достық, бауырлық ақылын айтып, жетекші тізгінін қолға алып отыр. Алла қаласа осы жылы «Саз әлемі» байқауына қатыспақ ниеттеміз. Әзірге айтарымыз осы, қалғаны болашақтың еншісінде деп ойлаймын.

- Бүгінгінің жастарында иман жоқ дейді үлкендер. Оған себеп неден деп ойлайсыз?

- Он сегіз мың ғаламды, баршамызды жаратқан Аллаға сансыз мақтаулар болсын. Мен бұл пікірмен аздап келіспеймін. Себебі бүгінгі таңда имандылыққа бет бұрған жастардың саны жылдан-жылға артып келеді. Еліміздің кез-келген өңірінде мешітке бара қалсаңыз мешітті жамағатқа толтырып тұрған ол әрине, жастар. Бәрі бірдей имансыз деп көпшілікке топырақ шашқаннан аулақпыз. Бірақ имандылық әдебін білмейтіндер де кездеседі. Бұл жағдай отбасындағы тәрбиеге байланысты. Себебі ардақты пайғамбарымыз: «Сәби дүниеге келгенде мұсылман болып туылады оны мұсылман қылатын да, кәпір қылатын да ата-анасы» деген.

- Имандылық, инабаттылық, күллі жақсы ниеттерге ұмтылу үшін жастарды қалай тәрбиелеу қажет деп ойлайсыз?

- Дана халқымыз адамзат бойындағы осы қасиеттерді жоғары сатыға қойып,

ерекше бағалаған. Ұлын иманды, қызын инабаты өсіруге талпынған қазақ халқы, барлығын тәрбиемен ұштастырған. Мен ойлаймын, балаға «әке - асқар тау, ана-бұлақ» бола білсе, бала жағасындағы жайқалған құрақтай болып өседі. Балаға талбесіктен тәрбие түзу берілсе, жаман қасиеттерден ада болып өсері хақ.

- Ақындық шығармашылығыңыз туралы да айтып өтсеңіз?

- Мен өзімді ақын демес едім. Кешегі Абайдай асқардың, Мұқағалидай дүлдүлдің салып кеткен сара жолын жалғастырушы ізімін дер едім. Ақындық қасиет ата қанымен бойыма дарыған. Кішкене кезімнен өлең шығаруға құмар болып өстім. Сол балалық ұшқын бүгінге ұласып, осы бір өнерімді өзегінен тепкен емеспін.

-Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ



### Кешір Алла!

Жаратушы Ұлы Алла мына бізді,  
Жаратқан емес не еді адам қылып  
Қуалап жүрмін бүгін жылан ізді  
Пайда болды жүректе надан қылық,  
Нәпсіге еріп, ұмыт қып жұманы ізгі,  
Жаулады жүрегімді қараңғылық,  
Ұмыттық кел намазға тұрамызды  
Ас емес жегеніміз харам –былық,  
Болғаны ед бір кездері Құран ізгі,  
Бүгінде болды бірақ маған да ұмыт.  
Шығардың қызық қуып, жуамызды  
Лайладық жанымызды адал тұнық,  
Босқа өткізіп ана қыс, мына күзді  
Жолымды тозақ жаққа барам бұрып.  
Қайтейін пендешілік санамызды  
Улады осылайша арам қылып.  
Кешіре гөр жаратқан күнәмізді  
Тура жолға сала гөр адам қылып,  
Жәннәтқа кіргізе гөр мына бізді,  
Жәннанамның отынан ада қылып.

### Таба алмай жүрмін сендік жүрек кілтін

Неге кеттің жүрекке тастап үміт?  
Ұнатушы ем жымыяп күлгеніңді.  
Жаныңды жаулады ма басқа жігіт?  
Сендегі ұмыт қылап мүлде мүңды.

Білмеймін сен жұмбақсың шешілмеген  
Өзімнен кінә іздеп жүрмін бүгін.  
Хат та жаздым «өтінем, кешір» деген,  
Таба алмай кілтін сендік сырдың күнім.

Білсең гой саған деген сағынышты,  
Сезсең гой жүрегімнің тылсым демін.  
Жаза алмай жүректегі жарылысты,  
Амалсыз өзіңді ойлап күрсінемін.

Неліктен үнсіз кеттің біле алмадым?  
Тоғыстырар бұл тағдыр бізді бір күн.  
Шарасыз, гүлім, саған жыр арнадым,  
Жүректі емдегесін назды күлкің.

Өкпелеп жүрмін атқан әр ақ таңға,  
Байладың деп неліктен бағымызды.  
Жалбарынам тек үнсіз Жаратқанға,  
Жолықтырса екен деп тағы бізді!

### Кінәлімін!

Әуеніңе салшы басқа  
Арылайын нала мұңнан.  
Кінәлімін тамшы жасқа  
Сырғанаған жанарыңнан.

Кінәлімін білем бәрін  
Бұл дертімді сезбес пенде.  
Сезінемін бір ем барын  
Тек өзіңмен кездескенде.

Мен бәріне айыптымын  
Кінәлай бер тым ұзақ.  
Бұл жазаңа лайықтымын  
Дәл ойланам күн ұзақ.

Жылатсам да жүрегіңді  
Шын сүзге бекінем.  
Үзбей келем күдерімді  
Күрсінбеші өтінем.

Тоғыстырар кештер әлі,  
Атар алдан таң күліп.  
Мендік сезім өшпеді әлі  
Сүйем сені мәңгілік.

### Анашым

Құлыным алыста екен деп-  
Сағынып жүрсің бе, анашым?!  
Ұлыңнан жырақта мекендеп,  
Сабылып жүрсің бе, анашым?!  
Достары, ортасы бөтен деп-  
Қамығып жүрсің бе, анашым?!  
Әйтеуір бір күні жетер деп -  
Сарылып жүрсің бе, анашым?!  
Тағдырдың жазуы екен деп-  
Бағынып жүрсің бе, анашым?!  
Аман-сау болсын деп Аллаға,  
Табынып жүрсің бе, анашым?!  
Кешегі балақан кезімді,  
Сағынып жүрсің бе, анашым?!  
Серік қып сабыр мен төзімді,  
Зарығып жүрсің бе, анашым?!  
Жоқ әлде беріліп қайғыға,  
Малынып жүрсің бе, анашым?!  
Құлының ер жетті бүгінде,  
Қуанып күлімде, анашым?!  
Арқалап тірліктің жүзін де,  
Мұңайып түңілме, анашым?!  
Бақытты етемін түбінде,  
Аяулы ардақты, анашым?!  
Аялап өсірген ұл-қызды,  
Сабырлы салмақты, анашым?!  
Біздерге сыйлаған сыйыңның,  
Аллағым береді бағасын.  
Мен үшін дарасың, данасың  
Аман жүр әрқашан, анашым!

На общегородском велопробеге  
КазНУ удостоен звания «Самый лучший коллектив»

# ҚазҰУ ұсынған жеңілдіктер

**Галымжан КУБЕЕВ,**  
студент 3 курса факультета  
биологии и биотехнологии

Когда стоял вопрос: «Куда пойти учиться?», я безоговорочно решил поступить в КазНУ. Университет для меня стал родным и близким еще с детства. Маленьким ребенком я приходил сюда с мамой на ее работу, а потом, будучи школьником, мечтал стать студентом этого престижного вуза.



По гранту я не прошел, но смог поступить на платное отделение. Вот уже третий год я получаю 15% скидку в оплате за обучение как сын сотрудника университета, работающего в нем более 20 лет. Предоставляя такую льготу, я считаю, университет не только оказывает хорошую поддержку студентам, но и проявляет большую заботу о своих работниках.

**Елдос СМЕТОВ,**  
биология және биотехнология факультетінің 3 курс студенті

Менің өмірімде спорттың алар орны ерекше. Спортта биіктерді бағындырып, Қазақстанды әлемге таныту – басты мақсатым. Осы арманымға қанат бітіріп, қолдау көрсеткен университетіме алғысым шексіз. Нәтижесінде 2010 жылы дзюдодан Әлем чемпионы болдым. 2011 жылы Әлем чемпионатының жүлдегері атандым. 2012 жылы әскери қызметкерлер арасында өткен Әлем чемпионатында күміс жүлдені жеңіп алдым. Биыл Азия чемпионатына қатысып, жүлдегер атандым. Қазір 28-29 қыркүйекте Алматыда өтетін Әлем кубогына қызу дайындық үстіндемін. Осындай жетістіктерім үшін туған университетім маған оқу ақыма 100% жеңілдік жасады. Мен үшін бұл үлкен сыйлық.



Елімнің, университетімнің үмітін ақтау үшін барымды салатын боламын!

**Құралай СЕЙДІЛДАЕВА,**  
ЭЖБЖМ-нің 2 курс магистранты

Мен «Қос диплом» бағдарламасы бойынша Ресей халықтар достығы университетінде 1 жыл білім алып, туған елге оралдым. Енді оқуымды ҚазҰУ-да жалғастырамын.



Университетте оқуды үздік оқыған студенттерге жеңілдіктер қарастырылған. Өзімнің үздік оқығаным үшін 20% жеңілдікке ие болғанымды қуанышпен айтқым келеді. Ақылы бөлімде оқытындарға жасалатын бұл жеңілдіктер студенттерді білімге, жақсы оқуға ынталандырады және жастарға жасалған үлкен қолдау деп ойлаймын.

Туған елінің, университетінің демеуі студентке ертеңге сенім, күш-жігер берері даусыз. Университет басшылығы мен ұстаздар қауымына барлығы үшін мың алғыс!

**Нұрсұлтан ШУРЕНОВ,**  
ЭЖБЖМ-нің 2 курс магистранты

«Білім – өмір шырағы». Білім мен ақпарат теңдесі жоқ қару саналатын бүгінгі заманда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие экономика және бизнес саласындағы мамандарды дайындап келе жатқан белді оқу орны. Оған дәлел – осы қара шаңырақтан алған білімнің арқасында «Қос диплом бағдарламасы» шеңберінде Ресей халықтар достығы университетінде 2012-2013 оқу жылында «Экономика» мамандығы бойынша 1 жыл білім алып келдім. ҚазҰУ-дан алған сапалы білімімді шет елде де дәлелдеп, «үздік» бағаға оқыдым, білім қоржынымды толықтырдым.



Көңілім алып-ұшып елге келгенде туған университетімнің үздік оқыған студенттердің оқу ақысына 20% жеңілдік жасауы қуанышымды арттырды. Университетіміздің білім қуған студенттер мен магистранттардың оқу ақысына жеңілдік жасауы әлеуметтік мәселелерді шешуге қосқан зор үлесі деп білемін. Университет ұжымы мен ректоры Ф.М.Мұтановқа және де «Қос диплом бағдарламасы» шеңберінде бізді Ресейге оқуға жіберген ЖОО-дан кейінгі білім беру институты мен ЭЖБЖМ деканы Б.Ж.Ермекебаева үлкен рахмет айтамын.

Ұлтты іліммен сусындатқан, жастардың көкірек көзін ашқан ҚазҰУ-ға айтар алғысымыз шексіз.

**Данагүл ЯХИЕВА,**  
ЭЖБЖМ 3 курс студенті

Мен мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша білім алудамын. Биыл да ғылымға қызығушылығым, оқуға деген ерекше ынтам үшін үшінші мәрте оқу ақысына жасалатын 15% жеңілдікке иеленіп отырмын. Бұл жетістігімді алдыма айқын мақсат қойып, ерінбей еткен еңбегімнің жемісі деп білемін. Оқуда озат студент ретінде жетістіктерге жетудің бір ғана жолы еңбекте екенін баса айтқым келеді. Қазақ ғылымы мен білімінің қара шаңырағы – ҚазҰУ студентінің бойынан іздемпаздық, ғылымға қызығушылық және белсенділік сияқты қасиеттер табылуы тиіс.



Студенттерді қолдап, оқуға ынталандырып, болашаққа нық сеніммен қарауға мол мүмкіндік жасап отырған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлына алғысымды білдіремін.



Дайындаған Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
Фототілші – Мамыржан БОТАБЕКОВ

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекен-жай: kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды. Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 10974

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.